



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

прилежной и спокойной. В этот день ребенка купали в соленой воде, где лежали серебряные украшения и монеты, поливая его сорока ложками ритуальной воды, желая при этом, чтобы позвоночник новорожденного скорее окреп. Монеты и украшения затем раздавались женщинам, которые присутствовали на этом мероприятии. Затем ребенку в первый раз состригали волосы и ногти. В этом обряде участвовали только женщины, а выведение из сорока дней доверяли проводить достойной женщине, наделенной определенными качествами, которые, как считалось, передавались ребенку.

Другим важным обрядом при рождении ребенка является имянаречение - ат қою.. Обычно имя давал старший из родственников, затем мулла читал молитву и трижды произносил в ухо ребенку его имя. Выбору имен казахи уделяли большое внимание наряду с другими тюркскими народами. Считалось, что имя отражает судьбу человека. Часто давали имена, которые обозначали какие-либо качества - считалось, что человек будет их обладателем. Чтобы уберечь от сглаза или злых духов, ребенка нарекали плохозвучащими именами.

Когда ребенок начинал делать первые шаги, проводили обряд обрезания пут - тұсау кесу. Эта традиция присутствует и у других тюркских народов. В день проведения обряда звали гостей, устраивали празднество. Ребенку перевязывали ноги шерстяной нитью, которую затем торжественно разрезала почетная гостья - энергичная, сильная женщина, передавая тем самым ему свои качества.

Из вышеизложенного материала видно, что обряды тюркских народов, посвященные рождению ребенка, сходны между собой. Это следует из того, что эти традиции берут свое начало с древних времен, когда тюркские народы еще были язычниками и имели иное представление об устройстве Вселенной. Однако, ни исламская, ни христианская традиции не изменили культуру этих народов, традиции, связанные с рождением ребенка, что позволяет говорить о крепких устоях общетюркской традиции и культуры..

Список использованных источников

1. Библиографическое описание: Пашкевич О. И. Особенности обрядов, связанных с рождением ребёнка (на материале якутской литературы) [Текст] / О. И. Пашкевич // Молодой ученый. – 2014. – №4. – С. 1224-1230.
<http://www.moluch.ru/archive/63/9902/>
2. Бочелюк В.И., Бочелюк В.В. Дозвіллезнавство. Учебное пособие / К.: Центр учебной литературы, 2006, 208 с. <http://banauka.ru/39.html>
3. Грановская Р.М. Психология веры. 2-е изд. – Москва: Питер, 2010.
<http://psyfactor.org/lib/religion3.htm>
4. Толковый словарь Ожегова. С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. 1949-1992.
<http://dic.academic.ru/dic.nsf/ogegova/133550>
5. http://e-lib.gasu.ru/eposobia/alt/R_2_1.html
6. <http://www.bilu.kz>

УДК 811.512.1'42

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕ ӨТКЕН ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ

Тоқторбаева Алуа Букумбайқызы

Aluatb@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті
түркітану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент Қуанышбаев Е. А

Түркі тілдерінің шығу тегін, қалыптасуын зерттеуде көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі ерекшеліктерді, олардың қазіргі тіліміздегі қолданыстарын, даму сипатымен

тарихи-салыстыра зерттеудің маңызы зор. Көне түркі жазба ескерткіштері (түркі руникалық жазба ескерткіштер) VII-IX ғасырлардағы көне түркі ойма жазулары мен қолжазбалары, көне түркі әліпбиіндегі әр алуан мәтіндер. Көне түркі жазба ескерткіштері арқылы қазіргі түрік халықтарының көне тілін, тарихын, этногенезін, географиясын, рухани мәдениетін, жазба дәстүрін, әдет ғұрыптары мен дүниетанмын білуге болады. Көне түркі жазба ескерткіштері Сібірдегі Енесей, Лена өзендерінің аңғарлары, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга өзендерінің алқабы, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр бойы, Ертіс пен Іле қойнауларынан табылды. Түркітану саласында осыған дейін руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі етістіктің шақ категориясы арнайы ғылыми зерттеу ретінде қарастырылмаған. Дегенмен XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бой көрсете бастаған еңбектерде түркітанушы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі болған. Бірақ олар алғашқы зерттеудің бірі болғандықтан кейбір пікірлер мен көзқарастар қазіргі түркі тілдес тілдер жүйесіне сәйкес келе бермейді. Себебі олардың негізгі міндеті мен мақсаты белгілі бір сөз табын жан-жақты зерттеп, оған ғылыми тұрғыдан болжамдар мен дәлелдемелер жазып, елеулі еңбектер басты мақсаты ашылмаған мәселелерді реттеу, қандайда бір халықтың тіл ерекшеліктерін айқындау, тілдік жүйесін бір ізге келтіру және де көпшілікке түсінікті болатындай грамматикалық оқулықтар жасау болды. Мысалы: И.Гиганов «Грамматика татарского языка», М.Казем-Бек «Общая грамматика турецкого-татарского языка», «Алтай тілдері грамматикасы», П.Мелиоранский «Краткая грамматика казак-киргизского языка», М.Терентьев «Грамматика турецкого, персидского, киргизского и узбекского языка» деген еңбектерде сөз таптарын ғылыми жағынан гөрі, жалпы сипаттамалық тұрғыдан қарастырған. Сонымен, тіліміздің маңызыды міндеттерін атқару үшін халықтың өзіндік рухани тәжірбесінен туындайтын жетістіктер мен тарихи жазба ескерткіштеріміздің тілін жан-жақты зерттеуіміз қажет. Ендеше, Орхон-Енесей жазба ескерткіштер тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырып қана қоймай, оны әрі қарай дамыту – маңызды міндеттердің бірі. Тілдің әрбір тарихи кезеңіндегі күйін білдіретін жазба материалдар тіл тарихының негізгі шежіресі болып саналады. Мысалы, қазіргі қазақ тілі мен түрік тілінде кездесіп жүрген шақтар Орхон-Енесей жазба ескерткіштері тілінде кездеседі. Негізінен шақ категория ретінде көне түркі жазба ескерткіштер тілінен бастап қалыптасты десек артық айтқандық болмас. Жалпы тілі білімі саласында сөз табы туралы түсініктер көне антикалық дәуірден бастайды. Сөз табы жөніндегі алғашқы пікірлер б.д.д IV ғасыр шамасында есім сөздер мен етістіктерге қатысты қалыптасқан деген пікір бар. Көне түркі жазба ескерткіштері туралы жүйелі жазылған грамматикалық еңбектердің қатарына В.В.Радлов, А.Габен, Т.Текин, В.Г.Кондратьевтың еңбектері жатады. С.Е.Маловтың «Памятники древнетюрской письменности», «Енесейская письменность тюрков», «Памятники древнетюрской письменности Монголии и Киргизии» деген еңбектері көне түркі жазба ескерткіштерінің ең негізгі еңбектері болып табылады. Орхон-Енесей ескерткіштерінің зерттелу тарихы XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап басталды. Ең алғаш рет яғни 1662 жылы Орхон-Енесей жазуы жөнінде мәлімет берген адам – Амстердам қаласының бургомистрі Н.Витзен. 1697 жылы Тобыл қаласының бояры С.Ремезовтың «Сібір қалаларының шөл далалары мен таулы жерлерінің чертежі» атты еңбегі шықты. Сол еңбегінде талас бойындағы «Орхон тасы» деген жерді атап көрсеткен. Ал Орхон -Енесей ескерткіштері үлгілерінің алғаш жарық көруі Сібірде 13 жыл айдауда болған Ф.И.Табберт-Страленбергтің атымен байланысты. Оның 1730 жылы «Европа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» атты еңбегінде көне ескерткіштер туралы көптеген мәліметтер берілген. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде шығып тұрған «Сибирский вестник» журналында Г.Спаскийдің мақаласы жарияланады. Мақала көп кешікпей латын тіліне аударылып, шет ел ғалымдарының қызуғышылығын оятады. Финн және орыс ғалымдары жүргізген арнайы зерттеулер нәтижесінде Орхон және Енесей ескерткіштерінің нұсқалары жинақталып атластар жарияланды. 1893 жылы Дания лингвисті В.Томсен құпия жазудың кілтін тапты. 1894 жылы Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын В.В.Радлов жасады. Орыс этнограф-ғалымы Н.М.Ядринцев 1889 жылы Моңғолиядағы Орхон өзенінің сағасынан қос тілдік жазуы бар ерекше үлкен тас тапты.

Кейіннен бұл тастардың біреуі Білге қағанға (735), екіншісі оның інісі Күлтегінге (732) арналғаны белгілі болып, мазмұны толық анықталды. Көне түркі жазба ескерткіштерін ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:

1. Енесей ескерткіштері.
2. Талас ескерткіштері.
3. Орхон ескерткіштері.

Орналасу жері болмаса, жазылған жылдары мен жазу таңбаларында ешқандай айырмашылықтар жоқ.

Енесей ескерткіштеріне Енесей бойынан және Тува, Хакас, Алтай республикаларының аймағы жағынан және Ресейдің батыс Сібірде орналасқан Жаңасібір облысы мен Ертістің бойынан табылған жазулар жатады. Олардың қолданылған, жазылған жылдары V-VII ғасырлардың шамасы. Бұл аймақтан табылып отырған көне түркі жазба ескерткіштердің жалпы саны қазіргі таңда шамамен 150 -дей. Енесей ескерткіштерін зерттеген ғалымдар В.В.Радлов, С.Е.Малов, Х.Н.Оркун, С.В.Кислев, И.А.Батманов.

Талас ескерткіштері. Бұл өңірдегі жазулар Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Сыр бойы мен Қырғызстан аймақтарына таралған, ең көп табылған жері Жамбыл облысы. Қолданылған мерзімі VIII ғасырға жатады. Ескерткіштерді жалпы саны 20 шақты. Талас ескерткіштерін зерттеуде Г.Гейкель, В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Е.Малов, Ю.Немет, И.А.Батманов көп еңбек сіңірді.

Орхон ескерткіштері Моңғолиядағы Орхон, Селенг, Тола өзендерінің бойынан және Ресейдегі Минусинск ойпаты қасынан табылған ескерткіштер жатады. Жазылып, қолданылған мерзімі VII-VIII ғасырлар болып табылады. Орхон Ескерткіштерінің жалпы саны 30-ға жуық. Ең көлемді, ұзақ мәтінді жазбалар осы ескерткіштерге жатады. Бұлардың ішінде тарихи құндылығы жағынан ең көлемді ескерткіштер «Құтлығ қаған», «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Күлі Чор» және «Мойын Чор» ескерткіштері жатады. Ескерткіштер мен ондағы жазбаша деректерді ашып жариялаған – Н.М.Ядринцев, В.Томсен, В.В.Радлов [1,126].

Орхон -Енесей жазба ескерткіштерінің фонетикасы туралы В.Томсеннің «Inscriften de l'Orkhon déchiffrées» (1896) кітабында айтылған болса, фонетика мен грамматика арналған «Turcica» (1916) және «Alttürkische Inscriften aus der Mongolei» (1924) деген екі еңбек жазды. В.В.Радлов Орхон-Енесей жазба ескерткіштерінің фонетикасы мен грамматикасы туралы жүйелі жазған еңбегі «Die alttürkischen Inscriften der Mongolei Neue Folge»(1893). Бұл кітап сол кездегі грамматика туралы жазылған ең құнды шығармалардың бірі болып табылады. Г.Вамберидің 1898 жылы «Noten zu den alttürkischen Inscriften der Mongolei und Sibirie» атты еңбегінде морфологияға көп көңіл бөлген. Бұл ғалымдардан басқа көне түркі жазба ескерткіштерін фонетика-грамматикалық тұрғыдан зерттеген В.Г.Кондратьеваны айтуға болады. Оның 1970 жылы шыққан «Очерк грамматики древнетюрского языка» деген еңбегінде грамматика туралы мәліметтер берілген. Қазақ ғалымдарынан көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі туралы А.Аманжоловтың 1975 жылы жазылған «Материалы и исследования по истории древнетюрской письменности», Ғ.Айдаровтың «Язык орхонского памятника Бильге-кагана», «Язык орхонских памятников древнетюрской письменности VIII века» атты еңбектерін айтып кетуге болады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде етістік толық қалыптасқан сөз табы болған. Оның етіс, рай, жақ және шақ сияқты өзіне тән грамматикалық категориялары бар [2,246]. Көне түркі ескерткіштері тілінде етістіктің болымды және болымсыз, етіс, көсемше, рай сияқты түрлері кездескен. Олар етістіктің түбірлеріне әр түрлі жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Орхон- Енесей ескерткіштері тілінде етістіктің төрт түрлі райы бар деп көрсеткен [1,2306]. Біз қарағалы отырған шақ категориясын Орхон-Енесей ескерткіштерінде Ашық райдың ішінде қарастырылған. Ашық рай істелетін істің субъектісі ретінде көрсетіліп, істің істелгенін, істеліп жатқандығын, не алдағы кезде істелетіндігін білдіреді. Ашық райдың үш шағы бар: а) Өткен шақ, осы шақ, келер шақ.

Өткен шақ іс- әрекеттің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын болып кеткендігін көрсетеді.

Орхон жазба ескерткіштерінде өткен шақ – *ды*, *-дук* (*док*), *-мыш* жұрнақтары арқылы берілген. *-Ды* жалғауы жедел өткен шақпен сәйкес келеді. Жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің тұлғаларына тікелей жалғанады. *-ды* жұрнағы *-л*, *-н*, *-р* үнді дауыссыздарынан кейін – *ты* ауысады [3,1816]. Өткен шақтың болымсыз түрі *-ма*, *-ме* жұрнақтары арқылы жасалынбайды - *мадық* немесе *жоқ* сөзімен болымсыздық мәнін көрсетеді [4,1256]. Өткен шақтың жіктелу үлгісі:

Кесте 1.

	жекеше	көпше
I ж.	-дХм	-дХмХз
II ж.	-дХн, -дХг	-дХнХз, -дХгХз, -дХнХзлар
III ж.	-дХ	-дХ

Орхон ескерткіштеріндегі *-дХ* жұрнағының қолданылуы:

I жақ, жекеше түрі

Түркі Бідге қаған, Бұ өдке олуртым (КТк 1) – *Түркі білге қаған, Бұл шақта отырдым.*

Ілгері – Шантұң йазықа тегі сүледім (КТк 4) – *Ілгері – шантұң жазыққа дейін жаулады.*

Башлайу қырғыз қағаның балбал тікдім (КТү 25) – *Басына қырғыз қағанының балбалын тіктім.*

Ығар еллігде йег қылтым (КТү 29) – *Тату елге жақсылық қылдым.*

Білге Тонукук бен өзім табғаш еліңе қылындым (Т 1)- *Білге Тонукөк мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім.*

Алтун йышуғ йолмұзсун асдум (Т 35) – *Алтын қойнауын жолсыз астым*

Түркі будун үлесікің (КТк 6)- *Түркі халқы жойылдың.*

Көп анта алқынтығ, арылтығ (КТк 9) – *Әбден алқындың, арылдың.*

Қурығару барығма бардың (КТү 24) – *Біресе кері шаптың.*

Қан бертім, Қанун кодуп,іңікдің (Т 3) –*Хан берім, ханыңды тастап, бағындың.*

III жақ, жекеше түрі

Табғач будуңқа бегілік үру оғлуң күң болту, Сілік күз оғлуң күң болту (КТү 7) –

Табғаш халқына бек ұлдары құл болды, Пәк қыздары күң болды

Чығайығ бай қылты, Азығ үкіс қылты (КТү 16)- *Кедейді бай қылды, Азды көп қылды.*

Анта йерүкі суқ баслуғ, Соғдақ будун қоп келті (Т 46) – *Сұқ бастаған, Соғды халқы тегіс келді.*

I жақ, көпше түрі

Йашул үгіз, Шантұң йазықа тегі сүледіміз (КТү 17)- *Жасыл өзеніне, Шантұң жазығына- дейін аттандық.*

Қамуғы беш отүз сүледіміз, Үч йегірмі сүңішдіміз (КТү 18)- *Бас-аяғы жиырма бес рет аттандық, Жиырма үш рет соғыстық.*

Еліг че ер тұтдумыз, Ол оқ түн будунун сайу утмуз (Т 42) – *Елудей ерін тұтқындадық, Сол түні ел-елге еліңі жібердік.*

Біз йеме сүледіміз, Ану іртіміз (Т 44) – *Біз де аттандық. Оларды қудық.*

II жақ, көпше түрі өте сирек кездеседі [4,1886].

3 жақ, көпше түрі Орхон жазба ескерткіштерінде жедел өткен шақ «ды +лар» формасында кездеспейді. 3 жақ, жекеше түрі де 3 жақ көпше түрі де – *ды* +лар жұрнағымен жасалынады.

Орхон жазба ескерткіштерінде – *мыш* жұрнағы өткен шақты білдіру үшін қолданылған. Бұл біздің бұрынғы өткен шақпен сәйкес келеді. Орхон ескерткіштерінде – *мыш* жұрнағы тек 3 жақтың жекеше түрінде кездеседі. Ал болымсыз түрі *-мамыш* түрінде емес *-мадук* түрінде келеді [6,1276].

Кесте 2

	Жекеше	Көпше
--	--------	-------

1 жақ	-	-
2 жақ	-	-
3 жақ	- мыш	-

Орхон ескерткіштеріндегі –мыш жұрнағының қолданылуы:

III жақ, жекеше және көпше түрлері.

Теңрі тег, теңрі йаратмыш (КТк 1)- *Тәңірідей, тәңірден жаралған.*

Кісі оғлынта үзе ечүм апам, Бумын қаған, Істемі қаған олурмыш (КТү 2) – *Адам баласы үстіне ата-тегім, Бумын қаған, Істемі қаған отырған.*

Анта кісіре қара түргіс будун йағы болмыш (КТү 39) – *Одан соң бүкіл түргеш халқы жау болды.*

Улығ сүніш сүңішміш, Алп шалчы ақ атын бініп тегміш (КТү 40) – *Жойқын соғыс жасапты, Алып Шалиы ақ атқа мініп шауыпты.*

Теңрі йарұлқадуқ үчүн, Үкіс тійін, біз қорқмадумуз (Т 40)- *Тәңрі жарылқазандықтан, Көп деп біз қорықпадық.*

Қорытындылай келе Орхон ескерткіштерінде өткен шақ –ды және –мыш жұрнақтары арқылы жасалынған. Қанша ғасыр өтсе де өткен шақ жұрнақтары еш өзгеріссіз әлі де қолданылып келуде. Бір ерекшелігі бұл жұрнақтар кейбір түркі халықтарын да кездесе, кейбіреуінде кездеспей жатады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Павлодар: 2010, 12 б, 230 б.
2. Кондратьев В.Г. Очерк грамматики древнетюрского языка. – Ленинград: 1970, 24 б.
3. Tekin T. Orhun Türkçesi grameri. – İstanbul: 2003, 181 s.
4. Кононов А.Н. Грамматика языка тюрских рунических памятников «VII-IX вв.» –Ленинград: Наука, 1980, 125 б, 188б.
5. АТА А. Orhun Türkçesi. – Eskişehir: Anadolu üniversitesi Web-ofset tesisleri, 2011, 127 s.

6.5 Лингвострановедение

УДК 327:321.01:659.1

THE MAIN PROBLEM OF ETHNOLINGUISTICS. THE INFLUENCE OF LANGUAGE ON CULTURE.

Abdukhat Almazhan and Kaliyeva Asel

Alma1997@list.ru

Supervisor- Associate Professor, Candidate in Pedagogical Science-Kaliyeva Asel
Student at Eurasian National University after L. Gumilyov, Astana

Do the languages we speak shape the way we think? Do they merely express thoughts, or do the structures in languages (without our knowledge or consent) shape the very thoughts we wish to express?

Take "Humpty Dumpty sat on a..." Even this snippet of a nursery rhyme reveals how much languages can differ from one another. In English, we have to mark the verb for tense; in this case, we say "sat" rather than "sit." In Indonesian you need not (in fact, you can't) change the verb to mark tense.

In Russian, you would have to mark tense and also gender, changing the verb if Mrs. Dumpty